



ДИПЛОМ

I СТЕПЕНИ

НАГРАЖДАЕТСЯ

АМАНГЕЛДІ ЖАНЕРКЕ ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ

Международное книжное издание

«ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ - 2022»

среди научно-образовательных учреждений

Содружества Независимых Государств,

организованном Объединением юридических лиц в форме ассоциации

«Общенациональное движение «Бобек»

Руководитель



Абиев Е.М.

№051

г. Астана, Қазақстан, 2022 г.



БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

НАГРАЖДАЕТСЯ

за оказанную поддержку активной молодежи в проекте
«ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ - 2022»
среди научно-образовательных учреждений Содружества Независимых
Государств, организованном Объединением юридических лиц в форме
ассоциации «Общенациональное движение «Бобек»

НУРГАЛИЕВА ЖАНАР ЖЕНИСОВНА

Руководитель
№077

г.Астана, Казахстан, 2022 г.

Абиев Е.М.





BOBEK



V книжная коллекция

«Международная энциклопедия талантливой молодежи»

«ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ – 2022»

Содружества Независимых государств




International V book collection of talented students

«BEST STUDENT – 2022»

The Commonwealth of Independent States



АСТАНА – 2022



СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

САРСЕНБАЙ ШОЛПАН СЕРІКҚЫЗЫ (ТАРАЗ, ҚАЗАХСТАН)	5
УЗАКБАЕВ РАСУЛ БАЛТАБАЙУЛЫ (АҚТҚБЕ, ҚАЗАҚСТАН)	6
АМАНГЕЛДІ ЖАНЕРКЕ ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	7
СУЛТАН ЖАНИБЕК (АЛМАТЫ, ҚАЗАХСТАН)	8
АСАНАЛИЕВА ТАТТЫБҮБҮ ЖЕҢІШБЕКОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	9
ИСРАИЛОВА ФИРУЗА АЙСАЕВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	10
КАЛДЫБАЕВ АЛЬТАИР (АЛМАТЫ, ҚАЗАХСТАН)	14
ЕРСАЙЫН АЗАМАТ ЕДІГЕҰЛЫ (ҚЫЗЫЛОРДА, ҚАЗАҚСТАН)	15
ПОЛЯНСКАЯ ИРИНА ВИТАЛЬЕВНА (ИРКУТСК, РОССИЯ)	16
КАЛЫБЕКОВА АДИНА ЭРМАМАТОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	17
КАЛЫСБЕК ҚЫЗЫ ТАНСУЛУУ (ОШ, ҚЫРГЫЗСТАН)	19
TURSUNPULATOV ILKNOMJON QODIRJON UGLI (TASHKENT, UZBEKISTAN)	21
ЧАКЫРОГЛУ МЕЛІКЕ АЙШЕ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	22
АЗИМБЕК ҚЫЗЫ КАЙРИНСА (ОШ, ҚЫРГЫЗСТАН)	24
МАРСБЕКОВА АЙДАЙ МАРСБЕКОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	25
ЖАЛГАСПАЕВА ЛАУРА БАХЫТОВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАХСТАН)	26
MIAN UMER NAUAT (BISHKEK, KYRGYZSTAN)	27
ШАДИБЕКҰЛЫ ДАМИР (СЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН)	28
ТАБЫЛДИЕВ СЫЙМЫК ТАБЫЛДИЕВИЧ (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	29
БИСЕНОВ РАМАЗАН АЗАМАТҰЛЫ (ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН)	30
НАМНАН КНАЛИД (BISHKEK, KYRGYZSTAN)	31
АБДИҚУЛ АЯЖАН ЖАНДОСҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	32
ЕСЕНОВА МӨЛДІР АДАҚҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	33
ҲОМИДОВ ИЗАТУЛЛО СОДИҚОВИЧ (ДУШАНБЕ, ТОҶИКИСТОН)	35
ДОСҚАЙРОВА АЙДАНА ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН)	38
МИНЕНКО КИРИЛЛ АНАТОЛЬЕВИЧ (АКТОБЕ, ҚАЗАХСТАН)	39
ЛИС ВАЛЕРИЯ ВАСИЛЬЕВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАХСТАН)	40
ШАДЫЕВА НИГИНА ШУХРАТОВНА (БУХАРА, УЗБЕКИСТАН)	41
САПИЯНОВ ЭДУАРД (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	43
ЕРБОЛАТҰЛЫ ӘЗІРЕТӘЛІ (ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЗАҚСТАН)	44
АЛМАЗБЕК ҚЫЗЫ УМУТАЙ (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	45
АБДУКАИМОВА МАҚПАЛ ГАЖДАНБЕКҚЫЗЫ (ҚЫЗЫЛОРДА, ҚАЗАҚСТАН)	45
АБАЙ АРУЖАН АБАЙҚЫЗЫ (ҚЫЗЫЛОРДА, ҚАЗАҚСТАН)	46
ЖУМАБАЕВА ДИАНА (АКТОБЕ, ҚАЗАХСТАН)	47
СӘДУАҚАС ШАТТЫҚ СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	49
АЙЖАРҚЫН САМЫЙБЕК ҚЫЗЫ (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	50
СУЮН АСЕМ СПАБЕКҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	51
ЧАТКАЛБЕКОВА БЕГАЙЫМ АБДУКАИМОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	52
ШАДИБЕКОВА КАНЗАДА ШАДИБЕКОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	53
РЫСБЕК АЙГЕРІМ САКЕНҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН)	54
ЖАҚСЫЛЫҚ НҮРШАШ ЖАЙЫҚҚЫЗЫ (ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН)	55
КАБАКОВА АСЕМ ҚАНАТҚЫЗЫ (АКТОБЕ, ҚАЗАХСТАН)	56
ЭРКИНБЕКОВ БЕКЗАТ НУРБЕКОВИЧ (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН)	57
СЕЙТОВА КАМИЛА ҒАДІЛБЕКҚЫЗЫ (АҚТАУ, ҚАЗАҚСТАН)	58

АМАНГЕЛДІ ЖАНЕРКЕ ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық

Медицина университеті

Алматы, Қазақстан



Мен Амангелді Жанерке Жангелдіқызы 2000 жылдың маусым айының 16-ншы жұлдызында Түркістан облысы, Кентау қаласында дүниеге келгенмін. Жанұмызда мен, ата-анам, екі ағам, бір інім бар. Екі ағам да отбасылы, інім мектеп оқушысы.

2017 жылы Кентау қаласындағы №19 Әлия Молдағұлова атындағы ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің 11-сыныбын "Алтын белгімен" тәмамдадым.

Менің мамандық таңдауыма ең басты себеп-ол 2010 жылы менің туған інімнің өзімнен 10 жылдан кейін өмірге келуі еді, ол қарапайым балалар секілді емес, ерекше диагнозбен "Күн баласы, Даун синдромымен" өмірге келді. Мен ініме қарап жүргенімде ол әрдайым көз алдымда есінен танып қалатын, мен дереу көмекке ата-анамды шақыратынмын, көз алдымнан күнде ініме жедел жәрдем дәрігерлері келіп көмек беретіні мені жігерлендірді. Дәрігерлер туа біткен жүрек ақауы диагнозын қойып, шұғыл түрде Алматы қаласындағы А.Н.Сызғанов атындағы халықаралық ұлттық ғылыми хирургия орталығында жүрегіне операция жасалынды.

Міне, мен сол уақыттан бастап өзіме ақ халатты абзал жан болуға серт бердім. Алдағы уақытта медицина саласына жаңа ғылыми тұрғыдан жаңалықтар енгізу-менің ең басты мақсатым.

2017 жылы Алматы қаласындағы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінің Педиатрия факультетінің грант бөліміне түстім. Қазіргі таңда осы аталған оқу орнының Педиатрия мамандығы бойынша бкурс интернімін.

Мен алдағы уақытта интернатураны тәмамдаған соң, резидентурада инфекционист дәрігері болуды қалаймын, оған себеп 4 курста балалар жұқпалы ауруларынан бізге білім берген медицина ғылымдарының докторы, профессор Тыныбеков Аман Садықович еді. Мен мұғалімнің инфекциялық ауруларға байланысты қойылған ситуациялық сұрақтарына ойланбастан әрдайым дұрыс жауап бергенімді көріп, Аман Садықович мені топтамның алдында Жанерке сендерден ерекшеленеді, клиникалық ойлау қабілеті басым деп мақтайтын, осы сөздер менің инфекциялық ауруларға деген қызығушылығымды арттыра түсті десем артық болмайды.

2021 жылы желтоқсан айының 14-16 аралығында Самарқанд қаласында өтілген Халықаралық деңгейдегі медицина студенттері арасындағы олимпиадаға Педиатрия пәні бойынша жарысқа қатысып, жүлделі ІІ орынды иелендім.

2022 жылы 21-24 мамырда Милан (Италия) қаласында өткен Эндокринологтардың 24-ші Еуропалық конгрессінде (ESE) ғылыми жобалардың жарияланған жиынтық кітабында, ғылыми зерттеу жобам жарияланды. Ғылыми жобам "Қант диабетінің І типімен сырқаттанған балалар арасындағы қалқанша безінің құрылымының дисфункциясы" атты мақалам жарық көрді. Ғылыми жобамның жетекшісі к.м.н, профессор Нурғалиева Жанар Женисовна.

2022 жылы 20 сәуірде Университет аралық медицина студенттері арасындағы Еуропалық иммунизация апталығына арналған: "Вакцинация: За и Против" атты дебатқа екі топ қатысып, қорытынды есеп тең болып белсенді қатысушы сертификатын иелендім.

2022-2023 оқу жылына Педиатрия мектебінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия комитетінің құрамына, Академиялық қызмет жөніндегі проректордың 2022 – 2023 жылдарға арналған 24.08.2020 № 368 бұйрығымен бекітілген мектептің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесінің 4.1-тармағына сәйкес Педиатрия мектебінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшесі болып бекітілдім.

Алдағы уақыттағы менің ең басты мақсатым - ол дүние жүзінің медицина саласына таптырмас ғылыми жаңалықтарды енгізіп іске асырып, оны жүзеге асыру болып табылады. Тольғырақ тоқталсам, тұқымқуалаушылық аурулардың алдын алуын зерттеп оны болдырмауға үлкен үлесімді қосу-арманымның бір бөлшегі.